

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды жіберу кезінде авариялар болған жағдайдағы өзара іс-қимыл тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 22 мамырдағы N 141 Заңы

Астанада 1999 жылғы 18 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды жіберу кезінде авариялар болған жағдайдағы өзара іс-қимыл тәртібі туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
С Ы Р Т Қ Ы І С Т Е Р  
М И Н И С Т Р Л І Г І

N 15-1-1/478

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігіне өзінің құрметін білдіре отырып, төмендегідей хабарлайды.

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды ұшыру кезінде авариялар туындаған жағдайда өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1999 жылғы 18 қарашадағы келісімнің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сай болмауына байланысты осы Келісімнің орыс тіліндегі мәтініне Қазақстан тарапы мынадай редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізуді

ұ с ы н а д ы :

- Келісімнің атауында және одан әрі мәтін бойынша "апаттар" деген сөз "авариялар" деген сөзбен ауыстырылсын;
- кіріспедегі "табиғи бақытсыздықтардың" деген сөздер "дүлей зілзалалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-бапта "авария болған жағдайдағы міндеттерін" деген сөздерден кейін "Тараптардың күштері мен құралдарын" деген сөздер алынып тасталсын;

2-бапта "дәрігерлік-биологиялық" деген сөздер "медициналық-биологиялық" деген сөздермен ауыстырылсын;

Р Е С Е Й

Ф Е Д Е Р А Ц И Я С Ы Н Ы Ң

С Ы Р Т Қ Ы

І С Т Е Р

М И Н И С Т Р Л І Г І Н Е

М ә с к е у қ .

- 3-баптың 3-абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "уақытша баспанаға орналасу үшін азық-түлік және материалдық ресурстар қорын және қажет болған жағдайда эвакуациялау іс-шараларын жүргізу кезінде тамақтану пункттерін және авария аймағында қалған елді мекендерден көшірілетін адамдарды қабылдауды ұйымдастыру"

- 5-бап мынадай редакцияда жазылсын: "Авария болған жағдайда Ресей Тарапы аварияның себептерін анықтағанға дейін аварияға ұшыраған зымыранға жататын зымырандардың сол түрлерін ұшыруды тоқтатады, ол туралы Қазақстан Тарапын хабардар етеді .

Ресей Тарапы аварияның себептері, осы үлгідегі зымырандарды кейін ұшырудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы Қазақстан Тарапына хабарлайды және Қазақстан Тарапының келісімі бойынша оларды қайтадан ұшыруды бастайды " ;

7-бап мынадай редакцияда жазылсын: "Зымырандарды жіберудің жоспарланған уақытына 8 сағат қалғанда Тараптардың авариялық құтқару бөлімшелерінің дайындығы туралы ақпарат алмасады .

Авария болған жағдайда Ресей Тарапының уәкілетті органдары Қазақстан Тарапының уәкілетті органдарына болған жағдай туралы хабарлайды. Ақпараттарды өзара алмасудың тәртібі Тараптардың уәкілетті органдарының арасындағы келісімдермен айқындалады.";

- 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
"Осы келісім бойынша жұмыстарды үйлестіруді:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитеті;

Ресей Тарапынан - Ресей Авиациялық ғарыш агенттігі мен Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі;

Тараптар бір-біріне осы Келісімнің 6, 7 және 10-баптарындағы аталған уәкілетті органдардың тағайындалғаны туралы дипломатиялық арналар бойынша хабарлайды."

Көрсетілген өзгерістер қазақ тіліндегі мәтінге енгізілгеннен кейін, ол аталған Келісімнің орыс тіліндегі мәтініне толық сәйкес келетін болады.

Ресей тарапы көрсетілген өзгерістердің енгізілуіне келіспеген жағдайда, Қазақстан тарапы Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің осы нотасы мен жауап нотасын аталған келісімнің ажырамас бөлігі деп есептеуді ұсынады.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 1999 жылғы 18 қарашадағы Келісімнің күшіне енуі үшін Қазақстан тарапы қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалуын жеделдету мақсатында осы мәселе бойынша жуық арада жауап берсеңіздер екен деп алдын-ала ризашылығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы жағдайды пайдалана отырып, өзінің Ресей Федерациясының Сыртқы істер

министрлігіне деген аса зор ілтипатын  
білдіреді.

Астана, 2005 жылғы 18 ақпан

Осымен 2005 жылғы 18 ақпандағы N 15-1-1/478 Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі нотасының бұл аудармасының дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
Т ө т е н ш е      ж а ғ д а й л а р      м и н и с т р л і г і  
Ә к і м ш і л і к      ж ұ м ы с

департаментінің директоры

Р Е С Е Й      Ф Е Д Е Р А Ц И Я С Ы Н Ы Ң  
С Ы Р Т Қ Ы      І С Т Е Р

МИНИСТРЛІГІ

N 7112 н/Здснг

Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің құрметін білдіре отырып, оның 2005 жылғы 22 сәуірдегі N 12-1-2/663 және 2005 жылғы 18 ақпандағы N 15-1-1/478 ноталарына байланысты төмендегіні  
х а б а р л а й д ы .

Ресей Тарапы Қазақстан Тарапының "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды ұшыру кезінде авариялар туындаған жағдайда өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1999 жылғы 18 қарашадағы келісімнің қазақ тіліндегі мәтініне техникалық сипаттағы түзетулер енгізу туралы ұсынысына келісім беретіндігін білдіреді.

Көрсетілген түзетулер Келісімнің қазақ тіліндегі мәтініне Халықаралық шарттар құқығы туралы 1969 жылғы Вена конвенциясының 79-бабы 1-тармағының "b" тармақшасына сәйкес енгізілген деп есептеледі  
д е г е н г е      с ү й е н е м і з .

Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі осы жағдайды пайдалана отырып, өзінің Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне деген аса зор ілтипатын білдіреді.

Мәскеу, 2005 жылғы 5 тамыз

Қ А З А Қ С Т А Н      Р Е С П У Б Л И К А С Ы  
С Ы Р Т Қ Ы      І С Т Е Р

М И Н И С Т Р Л І Г І Н Е

Астана

Осымен 2005 жылғы 5 тамыздағы N 7112 н/Здснғ Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігі нотасының бұл аудармасының дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
Т ө т е н ш е      ж а ғ д а й л а р      м и н и с т р л і г і  
Ә к і м ш і л і к      ж ұ м ы с

*департаментінің директоры*

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы  
Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды  
жіберу кезінде авариялар болған жағдайдағы өзара іс-қимыл  
тәртібі туралы**

**КЕЛІСІМ (2006 жылғы 23 маусымда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей  
Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң      Ү к і м е т і ,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы "Байқоңыр"  
ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен шарттары туралы 1994 жылғы  
28 наурыздағы келісімді, 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының  
Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға  
алу шартын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі  
арасындағы өнеркәсіптік авариялардың, апаттардың, **дүлей зілзалалардың** алдын алу  
және олардың зардаптарын жою саласындағы ынтымақтастық туралы 1994 жылғы 28  
наурыздағы келісімді, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы  
Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы  
жағдайында оның аумағындағы экология және табиғатты пайдалану жөніндегі 1997  
жылғы 4 қазандағы келісімді басшылыққа ала отырып,  
"Байқоңыр" кешенін қауіпсіз пайдалануда өзара мүдделіліктерін білдіре отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісім Тараптардың "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды жіберу  
кезінде **авариялар** болған жағдайдағы міндеттерін, "Байқоңыр" ғарыш айлағынан  
зымырандарды жіберу сәтіне Тараптардың күштері мен құралдарын дайындық  
жағдайына келтірудің тәртібін, зымырандарды жіберуге дайындығы туралы және  
**авария** жағдайында Тараптардың өзара хабарласу рәсімдерін, сондай-ақ **авариялардың**  
зардаптарын жою үшін Тараптардың қажетті күштері мен құралдарын тартудың

т ә р т і б і н

а й қ ы н д а й д ы .

О с ы К е л і с і м н і ң м а қ с а т т а р ы ү ш і н :

- "зымыран" ғарыштық мақсаттағы кез келген зымыранды (ғарыштық аппаратты, екпіндеткіш блокты және басқа да құрамдас бөліктерді қоса алғанда) немесе жабдықтау элементтерімен бірге баллистикалық зымыранды білдіреді;

- «авария» зымыранды ұшыруды жүзеге асыру, оның бөліктерінің құлауы үшін көзделген аумақты қоспағанда, ұшырылуы «Байқоңыр» ғарыш айлағынан жүзеге асырылған зымыранның Қазақстан Республикасының аумағына тұтастай немесе өзгеше түрде құлауын білдіреді.

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.02.2016 № 455-V Заңымен.**

## 2-бап

Ресей Тарапы **авариялардың** зардаптарын жою үшін мынадай күштер мен құралдарды :

- "Байқоңыр" ғарыш айлағының объектілерінде **авариялық** жағдайларды жою және **авариялық**-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін авариялық-құтқару отрядын;

- зымырандық ғарыштық қызметтің табиғи ортаға әсерінің мониторингін және "Байқоңыр" кешені мен зымырандардың ұшу трассасы бойынша гигиеналық бақылау жүргізу үшін мамандандырылған зертханаларды;

- авиациялық ғарыштық іздестіру және құтқару күштері мен құралдарын;

- мамандандырылған **медициналық-биологиялық** жедел ден қою бригадаларын;

- **авария жағдайларында** табиғи ортаның ластануының мүмкін деңгейін жедел болжаудың мамандандырылған қызметтерін;

- **авариялардың** зардаптарын жою үшін аспаптар мен химиялық реактивтердің а з а й м а й т ы н қ о р ы н ;

- басқа да күштер мен құралдарды тарта алады.

## 3-бап

Қазақстан Тарапы **авариялардың** зардаптарын жою үшін **мына** күштер мен құралдарды :

- арнайы **авариялық**-құтқару және іздестіру құтқару бөлімшелерін;

- өртке қарсы, санитарлық-эпидемиологиялық, медициналық, табиғатты қорғау және басқа да қызметтерді, сондай-ақ құқық қорғау органдарын;

- **уақытша баспанаға** орналасу үшін **азық-түлік және материалдық ресурстар қорын және қажет болған жағдайда эвакуациялау іс-шараларын жүргізу кезінде тамақтану пункттерін және авария аймағында қалған елді мекендерден көшірілетін адамдарды қ а б ы л д а у д ы ұ й ы м д а с т ы р у ;**

- басқа күштер мен құралдарды тарта алады.

**Авариялардың зардаптарын жою үшін тартылатын Қазақстан Тарапының** күштері мен құралдарының нақты құрамы Ресей Тарапының **авариялардың** болжамды ауданы, оның мүмкін болатын ауқымдары мен зардаптары, қажетті күштер мен құралдар туралы жедел ақпаратына сүйене отырып айқындалады.

#### **4-бап**

Ресей Тарапы **авариялардың** мүмкін болатын зардаптарына талдау жасауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Тарапына зымырандардың үлгілері, олардың ұшу трассасы және **авария** жағдайында құлауы мүмкін аудандар жөніндегі техникалық мәліметтерді ұсынады.

Ресей Тарапы Қазақстан Тарапының өтінімдеріне орай, өзара уағдаластық бойынша Қазақстан Республикасының мамандарын **авариялардың** зардаптарын жою кезіндегі іс-қимылдарға үйретуді жүзеге асырады және Қазақстан Тарапына қажетті әдістемелік материалдарды береді.

#### **5-бап**

**Авария болған жағдайда Ресей Тарапы аварияның себептерін анықтағанға дейін аварияға ұшыраған зымыранға жататын зымырандардың сол түрлерін ұшыруды тоқтатады, ол туралы Қазақстан Тарапын хабардар етеді.**

**Ресей Тарапы аварияның себептері, осы үлгідегі зымырандарды кейін ұшырудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы Қазақстан Тарапына хабарлайды және Қазақстан Тарапының келісімі бойынша оларды қайтадан ұшыруды бастайды.**

#### **6-бап**

Қазақстан Тарапының **авариялық-құтқару** бөлімшелерін дайындық жағдайына уақтылы келтіруі мақсатында Ресей Тарапы келісілген тәртіпке сәйкес алда тұрған зымыранды ұшыру туралы Қазақстан Тарапына хабарлайды. Зымыранның ұшырылатын күні және/немесе уақыты ауыстырылған жағдайда, қайтадан ұшырылу уақыты белгіленген уақытқа дейін хабарлау кем дегенде 24 сағат бұрын жүргізіледі. Ұшыру уақыты 24 сағаттан кем уақытқа ауыстырылған жағдайда, хабарлау жедел байланыс арналары арқылы кідіріссіз жүргізіледі.

Ресей Тарапы зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өтемақылық негізде Қазақстан Республикасының **авариялық-құтқару** бөлімшелерін тартады. Бұл бөлімшелерді тартудың тәртібі Тараптардың уәкілетті органдарының арасындағы тиісті келісімдермен айқындалады.

## 7-бап

Зымырандарды жіберудің жоспарланған уақытына 8 сағат қалғанда Тараптардың **авариялық**-құтқару бөлімшелерінің дайындығы туралы ақпарат алмасады.

Авария туындаған жағдайда Ресей Тарапының уәкілетті органы Қазақстан Тарапының уәкілетті органдарына аварияның болу фактісі, оның уақыты мен болжамды ауданы туралы дереу хабарлайды.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.02.2016 № 455-V Заңымен.**

## 8-бап

Авария туындаған жағдайда Ресей Тарапының уәкілетті органы дереу ресейлік мамандардың жедел тобын қалыптастырады және авария болған кезден бастап 12 сағаттан кешіктірмей ахуалды бағалау, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің бөлімшелерімен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында, оның ішінде оқшаулауға жататын аумақты айқындау және аварияның зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-шараларды орындау үшін оларды авария болған ауданға жібереді.

Осы Келісімнің 6-бабында көзделген тәртіппен авариялық жағдайлардағы іс-қимылдарға әзірлікке келтірілген және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылатын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің күштері мен құралдары Тараптардың уәкілетті органдарымен келісілген көлемде және мерзімде ахуалды бағалау және аварияның зардаптарын жою жөніндегі шұғыл іс-шараларды орындауға к і р і с е д і .

Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары авариялық зымыран бөлшектері құлаған ауданда авария болған ауданда тұратын тұрғындарға хабарлауды жүзеге асырады және қажет болған кезде Тараптардың уәкілетті органдарымен келісілген көлемде аварияның зардаптарын жоюға жәрдем көрсетеді.

Тараптар авария туындаған кезден бастап бір тәулік ішінде аварияның зардаптарын жою жөніндегі бірлескен штабты (бұдан әрі - бірлескен штаб) құратын және аварияның ауқымын айқындау және оның зардаптарын жою жөніндегі бірлескен іс-қимылдар тәртібін келісетін комиссияларды (бұдан әрі - үкіметтік комиссиялар) тағайындайды.

Үкіметтік комиссиялар тағайындалғанға дейін аварияның ауқымын айқындау және оның зардаптарын жою жөніндегі бірлескен іс-қимылдар тәртібін келісуді және ү й л е с т і р у д і :

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің уәкілетті ө к і л і ;

Ресей Тарапынан - Ғарыш аппараттарын шығару құралдарының ұшу сынақтарын жүргізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның тең төрағасы жүзеге асырады.



Бірлескен штаб орындалатын жұмыстардың көлемі мен мерзімін, тартылатын күштер мен құралдардың құрамы мен міндеттерін, тартылатын күштердің өзара іс-қимылдар тәртібін және жұмыстардың жүргізілу барысын бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан және Ресей Тараптарынан құрылған бірлескен штаб бастықтарының шешімдерімен бір тәулік ішінде қызметтің тиісті бағыттары бойынша нысаналы жұмыс топтары (іздістіру, аварияның зардаптарын жою жөніндегі, медициналық-санитариялық, ветеринариялық, экологиялық, залалды және аварияның зардаптарын бағалау жөніндегі, тексеру нәтижелерін жинақтап қорыту және үкіметтік комиссиялар есебінің бөлімдерін дайындау жөніндегі, сондай-ақ өзара негізінде қажет деп танылатын басқа да жұмыс топтары) құрылады.

Жұмыс топтарының жұмыс нәтижелері бойынша қызмет бағыттары бойынша орындалған жұмыстар туралы бірлескен актілерге (хаттамаларға) қол қойылады.

Көрсетілген актілерге авариялардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды өткізуге байланысты шығыстарды растайтын құжаттар және Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарына келтірілген мүліктік залал үшін өтемақыға, дене зақымы, жеке тұлғаның денсаулығына қандай да бір өзге елеулі зиян келтіргені немесе мұндай тұлғаның қайтыс болғаны үшін, осы тұлға немесе заң бойынша құқығы бар кез келген тұлға (осындай жеке тұлғаның өсиетін орындау тапсырылған адамдар, оның мұрагерлері немесе суброгация тәртібімен құқығы ауысатын адамдар) талап ететін өтемақыға құқықты растайтын құжаттар, көрсетілген өтемақылардың мөлшері қоса беріледі.

Бірлескен штаб қызмет бағыттары бойынша жұмыс топтары жұмысының материалдарын жинақтап қорытады және оларды үкіметтік комиссияларға ұсынады.

Үкіметтік комиссиялардың жұмыс нәтижелері бойынша бірлескен хаттамаға қол қойылады.

**Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 19.02.2016 № 455-V Заңымен.**

## **9-бап**

Тараптардың іздістіру-құтқару және авариялық-құтқару бөлімшелерінің ахуалды бағалау жөніндегі, оның ішінде зымыран бөлшектерін жинау, халықты медициналық тексеру, аумақтарды ветеринариялық және экологиялық тексеру жөніндегі іс-қимылдарды қоса алғандағы іс-қимылдары үкіметтік комиссиялармен келісілген тәртіппен, көлемде және әдістемелер бойынша бірлесіп жүзеге асырылады.

**Аварияның** салдарынан болған материалдық зиянның мөлшерін айқындауды Тараптар бірлесіп жүргізеді.

**Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 19.02.2016 № 455-V Заңымен.**

## 10-бап

Осы Келісімге сәйкес **аварияның** зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге және залалды өтеуге байланысты шығыстарды үкіметтік комиссиялар жұмысының қорытындысы бойынша, **аварияның** зардаптарын бағалаудың қол қойылған екі жақты актілерінің негізінде, келісілген көлемдерде Ресей Тарапы жүзеге асырады.

## 11-бап

Қазақстан Тарапы Ресей Тарапы өкілдерінің зымыранның бөлшектері құлаған жерлерге кедергісіз кіруін қамтамасыз етеді.

**Авария** жағдайында осы Келісімнің 8-бабына сәйкес құрылған бірлескен штаб зымыранның бөлшектерін жинауға арналған алаңның орналасатын орнын және оларды күзетуді белгілейді. Алаңға кіруді осы Келісімнің 8-бабында аталған ресейлік мамандардың жедел тобының мүшелері бақылайды.

Қазақстан Тарапы зымыранның Қазақстан Республикасының аумағында жиналған барлық бөлшектерін келісілген режимдік іс-шараларды қамтамасыз ете отырып, Ресей Тарапына дереу қайтаруды қамтамасыз етеді.

Зымыранның бөлшектерін іздестіру және жинау үшінші тараптың мүддесін қозғаған жағдайда, Ресей Тарапы Қазақстан Тарапымен кеңесе отырып, олардың өкілдерін **авария** ауданындағы іс-шараларға тарта алады.

## 12-бап

Қазақстан Тарапы Ресей Тарапының өкілдері Қазақстан Республикасының аумағына кірген және аумағынан шыққан, **аварияның** зардаптарын жоюға арналған ресейлік жабдықтар мен материалдарды әкелу және әкету, сондай-ақ зымырандардың бөлшектерін **аварияның** себептерін анықтау үшін Ресей Федерациясының аумағына әкету кезінде 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартына сәйкес өндіріп алу кеден органдарының құзыретіне жататын кедендік баждар мен салықтарды алмастан оңайлатылған шекаралық және кедендік режимді қамтамасыз е т е д і .

Қазақстан Тарапы авариялардың зардаптарын жоюға қатысатын Ресей Федерациясының әуе кемелеріне басымдық берілетін тәртіппен әуе дәліздері мен т ұ р а қ т а р б е р е д і .

Қазақстан Тарапы Ресей Тарапының сұрауы бойынша **аварияның** зардаптарын жою үшін келген ресейлік мамандарды көлікпен, баспанамен, тамақпен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етеді, Ресей Тарапы нақты шығындарды Қазақстан

Республикасы мемлекеттік органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп және мөлшерлерде кейін өтейді.

### **13-бап**

Осы Келісім бойынша жұмыстарды үйлестіруді мына уәкілетті органдар жүзеге асырады:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі;  
Ресей Тарапынан - Федералдық ғарыш агенттігі.

Уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін хабардар етеді.

Тараптар осы Келісімнің 6 - 8-баптарында көзделген уәкілетті органдардың тағайындалғаны туралы дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін хабардар етеді.

**Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 19.02.2016 № 455-V Заңымен.**

### **14-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты дауларды «Байқоңыр» кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясы шешеді.

**Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 19.02.2016 № 455-V Заңымен.**

### **15-бап**

Осы Келісім Тараптардың Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттары бойынша міндеттемелеріне ықпал етпейді.

### **16-бап**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

### **17-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу

шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

Астана қаласында 1999 жылғы 18 қарашада әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

Қ А З А Қ С Т А Н  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН

Р Е С Е Й  
ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ  
ҮКІМЕТІ ҮШІН

Осымен 2005 жылғы 18 ақпандағы N 15-1-1/478 Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі нотасының бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
С ы р т қ ы      і с т е р      м и н и с т р л і г і н і ң  
Халықаралық-құқық      департаментінің  
Бөлім бастығы

Осымен 2005 жылғы 5 тамыздағы N 7112 н/Здснг Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігі нотасының бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
С ы р т қ ы      і с т е р      м и н и с т р л і г і н і ң  
Бөлім бастығы